

«БАЛАНЫҢ ЕРКЕЛІГІ ЖӘНЕ ҚЫРСЫҚТЫҒЫ»

Ата-аналарға кеңес



Қырсық балалар ата-аналарына көптеген жағымсыз сәттер тудырады. Сол ата-аналар балаларын бағынбайды деп санайды. Бірақ балабақшада бұндай балалардың көбісі өз мінезінің ерекшеліктерін тәрбиешілерге көрсете алмайды, сол себепті тәрбиешілер де баланың қырсықтығын бірден байқамайды.

Еркелік пен қырсықтық ауытқушылық мінез-ұлықтың құрастырушысы ретінде қарастырылады, оған тіл алмау және тентектікте көрсетілген тіл алмаушылық, баланың негативизмі, яғни нақты себептерсіз бір нәрсені қабылдамау, бассыздық, тәртіпсіздік.

Еркелік пен қырсықтық түсінігі өте ұқсас. Бұл ретте еркелік пен қырсықтықты жеңу әдістері бірдей, бірақ ол туралы кейінірек.



ҚЫРСЫҚТЫҚ - бұл негативизмге жақын психологиялық ахуал. Бұл басқа адамдардың өтініштеріне, кеңестеріне, талаптарына негізсіз және тиімсіз қарсы әрекет ретінде көрсетілетін адамның теріс қасиеті. Көзге көрінетін, дәлелдері жоқ қасарысқан тіл алмаушылық түрі.

Қырсықтық осылай көрінеді:

- бастаған ісінің мәні жоқ болса да, пайда әкелмесе де соңына дейін жалғастыру.
- Психологиялық қорғаныс ретінде байқалады және таңдаулы мінез болады, яғни бала қателік жасағанын түсінсе де мойындамайды.

Қырсықтықтың алдын алмаса мінез кескіні болуы мүмкін. Уақыт өте келе ол баланың өтірік айтуына себепкер болады, жүйке жүйесінің бұзылуына, күйінішке, ызәқорлыққа әкеп соғуы мүмкін. Мектепке дейінгі жаста бұндай көріністер реактивті халден созылмалы халге түседі.



ЕРКЕЛІК – орынды негізі жоқ әрекет, яғни «Мен осылай істегім келді, болды!» Ол баланың әлсіздігі ретінде көрінеді және нақты бір деңгейде өзін-өзі қорғаштау түрінде көрінеді.

Еркелік осылай көрінеді:

- бастаған ісінің мәні жоқ болса да, пайда әкелмесе де соңына дейін жалғастыру.
- ерке-наздық, ашуланшақтық, жылау, аса қозу.
- Еркелікке қатаймаған жүйке жүйесі себеп.



Баланың еркелігі мен қырсықтығы туралы ата-аналар нені білу керек:

1. Еркелік пен қырсықтық кезеңі шамамен 18 айдан басталады.
2. Бұл фаза 3,5-4 жаста бітеді. Кездейсоқ ұстамалар.
3. Ересек кезіндегі қырсықтық нормаға жатады.
4. Қырсықтық шыңы 2,5-3 жаста болады.
5. Қыздарға қарағанда ұлдар қырсықтау.
6. Ұлдарға қарағанда қыздар ерке.
7. Күйзеліс кезінде еркелік пен қырсықтық баларда күніне 5 ретке дейін болады. Кей балаларда – 19 ретке дейін.
8. Егер де бала 4 жасқа толса да қырсық, еркелейтін болса, онда ол баланың ата-анасын манипуляциялау әдісі ретінде «фисациялық қырсықтық», долылық жайлы айтылады. Көбінесе бұл ата-ананың баланың тәртібімен келісу нәтижесі болып табылады.



Баланың еркелігі мен қырсықтығын жеңу үшін:

1. Қырсықтық пен еркелікке көп мән бермеңіз. Ұстамасын ескеріңіз, бірақ бала үшін қатты уайымдамаңыз.
2. Ұстамасы кезінде баланың жанында болыңыз.
3. Бұндай кезде балаңызды бір нәрсеге сендіруге тырыспаңыз, пайдасы болмайды. Ұрысудың да мәні жоқ, шапалақпен ұру оны одан әрі қоздырады.
4. Егер де балаға « жоқ» деп айтсаңыз соңына дейін тұрыңыз.
5. Баланың ұстамасы қоғамдық жерлерде болса да берілмеңіз. Көбінесе қолынан алып кету ғана көмектеседі.
6. Еркелік пен долылық болған кезде бөгде адамдардың көмегіне жүгінбеңіз.
7. Айласын табыңыз: «Менде қызықты ойыншық бар (кітап, ойыншық)». Осындай көңілін бөлетін айналар баланы қызықтырады да бала тынышталады.
8. Баламен қатал сөйлеспеңіз, дөрекі болмаңыз.
9. Ашуға берілмей сабырлы болыңыз.
10. Егер де педагогика жағынан жөн болса, тәрбиелеу процесінің логикасына сай болса ғана баланың күйіне көнуге болады.



ЕРКЕЛІК ПЕН ҚЫРСЫҚТЫҚТЫ ЕСКЕРУ ҮШІН КЕЛЕСІНІ ЕСТЕ САҚТАУ КЕРЕК:

1. ОСЫЛАР ҮШІН МАҚТАУҒА БОЛМАЙДЫ:

- Өз еңбегімен қол жетпесе, мақтауға жатпайды.
- Аяныштан немесе ұнау үшін.

2. МАҚТАУ КЕРЕК:

- Істері үшін. Баланы мақтау және мақұлдаудан басталады.
- Баланы таңертең және түнде мақтау маңызды.
- Мақтамай тұрып мақтау: (мысал: көмек сұрау, кеңес сұрау).

МЫНАДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА ҰРЫСУҒА ЖӘНЕ ЖАЗАЛАУҒА БОЛМАЙДЫ:

1. Бала ауырған кезде немесе жазылғаннан кейін.
2. Бала ұйықтар алдында немесе ұйқыдан кейін тамақ ішкенде.
3. Бір іс қолыңыздан келмей жатса(мысал: асыққан кезде бала бауын байлай алмай отырса) .
4. Дене және рухани жарақаттанған кезде
5. Бала тырысса да қорқынышынан, алаңғасарлығынан арыла алмаса.
6. Оның істерінің себептерін түсінбесеңіз.
7. Өзіңізді ұстай алмасаңыз.

